

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 19 мамыр N 752

Атырау облысын әлеуметтік-экономикалық дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. М ы на л а р ғ а :

1) Атырау облысының жергілікті атқарушы органды ұсынған 2000 жылға арналған аймақтық инвестициялық бағдарламаның шегінде "Атырау қаласындағы автомобиль жолдарын қайта жаңарту және жөндеу" және "Атырау қаласында құс фабрикасының құрылышын салу" жобаларын іске асыруға;

2) Атырау облысы жергілікті атқарушы органдының, заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органды 2000 жылға арналған қарыз алу лимиті шегінде, көрсетілген жобаларды қаржыландыру үшін тиісінше 650 000 000 (алты жүз елу миллион) теңге және 300 000 000 (үш жүз миллион) теңге көлемінде заемдар тартуына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 2000 жылға арналған аймақтық инвестициялық бағдарламаны экономикалық сараптауды жүзеге асырсын және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қорытынды ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің оң қорытынды беруі бойынша:

1) тартылатын заемдардың шарттарына қаржылық сараптаманы жүзеге асырсын;

2) мемлекеттік борышты басқарудың шеңберінде заемдарды тіркеуді, заемдарға қызмет көрсету мен оларды өтеуді бақылауды және оның мониторингін қамтамасыз етсін.

4. А т ы р а у о б л ы с ы н ы н ы ә к і м і :

1) Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне Министрліктің белгіленген талаптарына сәйкес 2000 жылға арналған аймақтық инвестициялық бағдарламаны ұсынсын;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тартылатын заемдардың шарттарына қаржылық сараптама жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынсын;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен заемдарды тартуды қамтамасыз етсін;

4) заемдардың қаражатының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін;

5) заемдарға қызмет көрсетуді және оларды жергілікті бюджеттің қаражатынан өтеуді қамтамасыз етсін;

6) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне заемдардың қаражатын игеру, оларға қызмет көрсету және оларды өтеу жөнінде ұдайы ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә. Өтембаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК